

Мырзабеков М.М.

**Матуриди ілімінің қалыптасу  
алғышарттары және Әбу  
мансур әл-матуридидің өмір  
сүрген ортасы**

Бұл мақалада қазақ мұсылмандығының теологиялық негізі болып табылатын Имам Матуриди ілімінің қалыптасу алғышарттары, оның өмір сүрген ортасы қарастырылады. Матуриди ілімі Имам Матуридиге дейінгі немесе Матуриди заманында көтерілген проблемаларға өзіндік шешім жасау, тұжырым жасау арқылы пайда болғандығы белгілі. Осы проблема-лардың қатарына иманның мәні, үлкен күнә және үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы, адам қалауының еркіндігі немесе еркін еместігі, тағдыр және адам тағдыры, құдайлық сипаттар, пайғамбарлық және ел басшысы (халифалық) т.б. мәселелер жатады. Бірақ, осы проблемалардың бастылары Имам Матуридиге дейін оның жүрген арнаның басында Әбу Ханифа мен оның дарынды ізбасарлары тарапынан қарастырылып, лайықты түрде тұжырым жасалған. Бірақ, Әбу Ханифа мен Ханафиттік ғұламалардың теологиялық тұжырымдары VIII ғасырдың талаптарына лайықталғандығын естен шығармаған жөн. Ал X ғасырдың талаптары өзгерді, VIII ғасырға қарағанда проблемалар күрделене түсті, мәселелердің шешімдері мен жауаптары терең білімді, жан-жақты ізденісті талап етті. Озық ойлы, дарынды ойшыл Имам Матуриди Ханафи ілімінің терең түсініп уақыт талабына сай кейіннен пайда болған діни ағымдарға, әсіресе, солардың ішіндегі мутазилиттерге, философтарға, грек философиясы жақтастарына, шииттік тармақтарға, салафилерге (хашуия), хариджиттерге т.б. жауап берді.

**Түйін сөздер:** Матуриди, калам, мутазила, мазхаб, Мауреннахр, ақида.

Myrzabekov M.M.

**Prerequisites for the  
formation of Maturidi study and  
Abu Mansur al-Maturidi's living  
environment**

It's clear that Maturidi study had appeared before Imam Maturidi or during Maturidi time through the making the decision, conclusion on raised problem. To these problems we can include the value of faith, great sin, and the way of the person in the after world, the freedom of the human desire, the fate and the fate of the people, divine properties, prophetic and the head of the country (caliphate) and other problems. But the main problems were considered and concluded appropriately by Abu Hanifa and his talented followers. However, we should remember that Abu Hanifa and Hanafi scholars' theological conclusions were adapted to the 8th century requirements. The 10th century requirements had changed, the problems became more complicated, and solutions demanded deep knowledge, all-round searching. Creative, talented thinker Maturidi Imam Hanafi study appeared, and it served the purposes of followed religious movements especially mutazilites, philosophers, Greek philosophy supporters, Shiites' points, salaphites.

**Key words:** Maturidi, kalam, mutazilah, madhhab, Mawrennahr, aqidah.

Мырзабеков М.М.

**Предпосылки учения  
Имама аль-Матуриди и среда,  
в которой формировался Абу  
Мансур аль-Матуриди**

В этой статье объектом изучения становятся вопросы возникновения учения выдающегося теолога Имама аль-Матуриди, так как актуальность практического применения его учения в решении проблем исламской теологии становится острой для отечественного религиоведения. Важная часть этих проблем рассматривалась правоведом ханафитского толка Абу Ханифой и его талантливыми последователями еще до Имама Матуриди, тогда же эти проблемы получили некоторое объяснение, однако не следует забывать, что теологические выводы Абу Ханифы и ученых-ханафитов соответствовали периоду, предшествовавшему времени Имама аль-Матуриди, то есть раскрывали проблемы VIII в., тогда как в X веке изменились требования времени, проблемы значительно усложнились и требовали более глубокого изучения и поиска. Гениальный мыслитель с передовыми взглядами Имам аль-Матуриди сумел глубоко изучить ханафитское учение и ответить на многие вопросы последующих религиозных течений, в частности мутазилитов, философов, сторонников греческой философии, последователей шиизма, салафитов, хариджитов и т.д.

**Ключевые слова:** Матуриди, калам, мутазилиты, мазхаб, Мавераннахр, ақида.

**МАТУРИДИ ІЛІМІНІҢ  
ҚАЛЫПТАСУ  
АЛҒЫШАРТТАРЫ  
ЖӘНЕ ӘБУ МАНСУР  
ӘЛ-МАТУРИДИДІҢ  
ӨМІР СҮРГЕН ОРТАСЫ**

Көпшілік қауым арасында «Иمامу-л-Мутакаллимин Аламу-л-Худа», «Раису-с-Сунна», «Мусаххиху Ақайди-л-Муслимин», «Иمامу-з-Захид», «Раису Әһли-с-Сунна», «Махдиу-л-Умма» [1, s. 94] деген атқа ие болған Әбу Мансур әл-Матуриди – Мауреннахр аймағындағы Самарқанд қаласында кіндік қаны тамған ұлы дін ғұламасы. Оның ұлық ғұлама болуында өзі өмір сүрген кеңестік пен уақыттың, жоғары мәдени, философиялық ортаның маңызы зор. Дарынды ойшыл дүние есігін ашқан қала немесе аймақ төрткүл дүниені байланыстыратын тоғыз жолдың торабында орналасты. Шығыстан батысқа сапар шеккен керуендер осы аймақты басып өтіп, Жібек жолы бойында орналасқан Тараз, Яссы, Отырар, Шаш, Бұхара, Самарқанд т.б. қалаларда тіршілікті жандандырды. Сондықтан, аталмыш қалалар сауда керуендері тыныстайтын тұрақтар ретінде пайда болып, кейін келе басты сауда орталықтарына айналды. Керуен жолындағы сауда орталығы ретінде пайда болып, Мауреннахр қалалары мыңдаған жылдар бойы негізгі сауда, қолөнер орталықтары ретінде өз маңызын сақтап келді. Осыған орай, тарихтың қай дәуіріне қарасақ да аталған аймақ үлкен империялар мен мемлекеттер көз тіккен, ықпалын жүргізуге талпынған аймақ болып табылады. Осы аймақтың сауда орталығы болуы түрлі діндер мен мәдениеттер, ілім мен ой өкілдері бетбе-бет кездесетін, саудаласумен қатар өзара сұхбаттасатын, идеялық тартыс жүргізетін ортаны қалыптастыратыны сөзсіз. Исламға дейінгі дәуірде, тіпті ислам діні кең таралған кезде аталған аймақта зороастризм, манихейлік, христиандық, иудейлік, буддизм, тәңіршілдік сияқты әлемге әйгілі белді дін өкілдері бір қоғамда аралас-құралас өмір сүргендігі тарихи, археологиялық мәліметтерден белгілі. Тіпті ұлы ғұламаның құнды туындысы – Китабу-т-Таухидте аталған діндерге ерекше мән беріліп, еңбегінде тұтас бөлім арналған және сенімдері мен идеяларына талдаулар жасалған.

Атай кетер болсақ, дуалистік сенімді қуаттайтын зороастризм мен манихейліктің Мауреннахр аймағында терең іздер қалдырғандығы белгілі. Тіпті, зороастризм негізін қалаушы Зардушт Иран жерінде емес, Орта Азияда өмір сүрген, аталған діннің қасиетті кітабы Авеста осы Тұран аймағында дүниеге келген [2, 267 б. ] деген мәліметтер де бар. Сонымен, ежел-

ден дуалистік сенімге сеніп келген парсылар мен соғдылар Мауреннахр аймағында мұсылмандармен аралас өмір сүрді. Сондықтан, Имам Матуриди өмір сүрген заманда дуалистік (санауия) нанымға сенетіндер мен мұсылмандар арасында құдайдың бар, оның бір екендігіне дәлелдер, құдайлық сипаттар т.б. төңірегіндегі тақырыптар күн тәртібіне айналған. Осыған орай, өзге діндердің ішінде дуализмге Имам Матуриди ерекше көңіл аударып, Китабу-т-Таухидінде санауилерге ерекше бөлім арнаған, идеяларының негізсіз екендігін дәлелдеуге тырысқан және дуалистік сенімнің мәніне тоқталып, оның негізсіз екендігін идеялық тұрғыда жоққа шығарған. Демек, ұлы Имамның дуалистік сенімге ерекше шүйлігуі оның өмір сүрген Хорасан мен Мауреннахрда ислам кең таралып, тамырын терең жайғанның өзінде, әлі де болса ежелгі парсылық сенімдердің ықпалы сақталғанына байланысты болса керек. Имам Матуриди зороастризм мен манихизм сеніміне жататын «маннания», «дайсания», «маркаиуния», «мажусия» [3, 196-217 б.] сияқты ағымдардың көзқарастарына жекелеп тоқталып, сенімдерінің негізсіз екендігін анықтау үшін талдаулар жасаған.

Әлемдегі басты діндердің бірі болып табылатын христиандық та ортағасырларда Орта Азияға кең таралғандығы анық. Әсіресе, христиандықтың несториандық, яковиттік тармақтары V ғасырдан бастап, Мауреннахрға кең таралғандығы, Самарқанд қаласында несториан христиандарының шіркеулері мен монастырлері жұмыс істегендігі [4, 18 б.], осы Мауреннахр арқылы аталған дін Қазақстан жеріне енгендігі [5, 73 б.] тарихи мәліметтерден белгілі. Тіпті ислам Мауреннахр жеріне еніп, түркі халықтары арасына кең таралған XIII ғасырдың өзінде наймандар мен керейлер арасында христиандық ұзақ уақыт сақталған [5, 82 б.]. Христиандармен қатар иудейлердің аталған аймақта өмір сүргендігіне әл-Максиди куәлік етеді [1, 92 б.]. Осыған қарағанда Имам Матуриди өмір сүрген қоғамда христиан дініне сенетіндер орын алғандығы және діни сенім төңірегінде пікірталастарға кірісіп отырғандығы анық. Осы орайда, ұлы Имам христиандық сенімге, христиандар арасындағы ағымдарға тоқталып, оның ішінде Иисустың христиандық тұжырымдамасына талдаулар жасаған және сенімдерінің негізсіз [3, 266-272 бб.] екендігіне саналық қорытынды шығарған. Осылай, Матуридилік ілімінің Иса пайғамбар мен христиандарға деген көзқарасы айқындалған.

Ислам дінінің Мауреннахр жеріне енуі Омайядтар заманындағы араб шапқыншылығынан басталады. Дәлірек айтар болсақ, Мауреннахр жеріне исламды тарату және халифаттың шығыс аймақтарын қауіпсіздендіру, сонымен қатар, ұлы Жібек жолын бақылауға алу мақсатында [6, 214-216 бб.] жасалған жорықтар халифа Уалид бин Абдулмалик заманында білікті қолбасшы Қутайба ибн Муслимнің басшылығымен жүзеге асты. Осы кезеңнен бастап, Мауреннахр аймағына қарасты Соғд (Бұхара мен Самарқанд), Хорезм, Соғдиана, Ферғана және Шаш деген бөліктер [1, 90 б.] халифат территориясы құрамына енді. Жалпы алғанда Омайядтардың араб еместерді бөлектеп, әділетсіздік қатынас жасағанымен ислам діні мен мәдениетінің Мауреннахр жеріне енуі осы кезеңдерден басталады. Бұған билік басындағылар тарапынан қуғын көріп, исламның орталықтарынан шет аймақтарға, оның ішінде Мауреннахр мен Хорасан жеріне жан сауғалаған оппозициялық діни ағымдардың енуімен [7, 16-17 бб.] мұнда да исламдық мәселелердің көтерілуіне жол ашылды. Десек те жергілікті халықтың исламмен тығыз қатынас жасауы, исламды топтап мойындауы көбінесе Талас шайқасымен [6, 232-233 бб.] байланыстырылады. Себебі, Талас шайқасынан сәл-ақ бұрын билікке келген Аббасилер ислам дінін қабылдаған өзге халық өкілдеріне құшақ жайып, тіпті мемлекеттік қызметтерден орын беріп, ел ісіне араластырды, жылы қабақ танытты.

Міне, Матуриди ілімінің биік белеске көтерілуінде және Матуриди сияқты дарынды ғалымды шығарған, алуан діндер мен ойлар, мәдениеттер аралас өмір сүрген ортаның діни сауаты мен ой-таным мәдениетінің жоғары болғандығы әсер еткендігі сөзсіз. Өйткені, Матуридиге дейінгі діни ғұламалардың өзге дін өкілдерімен қатар исламның ішіндегі ағымдармен пікірталас жасауы нәтижесінде Мауреннахрдың Бұхара, Самарқанд сияқты қалаларында діни-философиялық, идеялық бай қор қалыптасты. Бұған со-нау Омайядтар заманында-ақ билік басындағылар тарапынан қуғын көріп, исламның орталықтарынан шет аймақтарға, оның ішінде Мауреннахр мен Хорасан жеріне жан сауғалаған оппозициялық діни ағымдардың, әсіресе шииттік қайсанилик-мубайдиліктің [8, 122 бб.] енуімен мұнда да иманның мәні, Құдай, адам, өмір, жүрек тазалығы, халифалық-имамат, мәділік т.б. сияқты исламдық мәселелердің көтерілуіне жол ашылды. Ал Имам Матуриди өмір сүрген IX-X ғасыр ислам әлемінде идеялық бағыттар мен ой-саналар одан ары дамып, кемеріне келген кезең

болатын. Олай дейтініміз, ислам пайда болғалы бері бір орталыққа бағынып келген ислам әлемінде осы кезеңде Аббаси халифаты ыдырап, тәуелсіз немесе жартылай тәуелсіз әмірліктер мен сұлтандықтар пайда бола бастады. Осыған дейін бір орталыққа бағынған халифат белгілі бір мазхаб пен идеяны мемлекеттің жалпы идеологиясы ретінде насихаттап, қалғанын адасушы ретінде қудалап келсе, империяның ыдырауы ұлан-ғайыр аймақта әртүрлі идеялардың белең алуына, оған дейін қудаланып келген оппозициялық бағыттағы имамиттік, исмаилиттік, зейдилік, харижиттік т.б. мазхабтар тәуелсіз мемлекет құрып, өз идеяларын еркін түрде таратуға, мазхабының ақиқаттығын дәлелдеуге, идеяларының одан ары күш алуына, осының нәтижесінде ислам әлемінде идеялық тартыстардың белең алуына алып келді. Сонымен қатар, ислам мәдениеті кемеріне келген шақта ежелгі мұраларды игеру, аудару нәтижесінде мұсылман қоғамы үшін жат, жаңа ойлар, әсіресе ежелгі грек философиясының ағымдары мен мектептеріне тән түсініктер орын алды. Мәселен, натуралистік, дахрилік, софистік, перипатетіктік философия өкілдері мәселені философиялық тұрғыда қарастыруды ұсынды, ислам теологиясында әлемнің жаралуы, оның әуелгілі, құдай, құдайдың мәні, пайғамбарлық, о дүние т.б. тақырыптарды тартыс алаңына енгізді және күн тәртібіне айналдырды. Осыған орай, Имам Матуриди Китабу-т-Таухидта натуралистерге [3, 147-150 б.], дахрилерге [3, 178-191 б.], сумания өкілдеріне [3, 191-192 б.], софистерге [3, 192-196 б.] арнайы орын беріп көзқарастары мен ұстанымдарын сынға алған.

Осы кезеңдерде Мауреннахрда Аббасилерден тәуелсіздігін алуға талпынған Саманилер шииттік имафия идеясын насихаттайтын Бувейхидтермен, шииттік зейдия мемлекетімен, сунниттік жолды ұстанатын Ғазнауилермен және тәңіршілдікті ұстанатын түркі тайпаларымен көршілес орналасты.

Саманилер аталған көрші елдермен бірде қырғиқабақ, бірде бейбіт түрде 875 жылдан 999 жылға дейін өмір сүрді. Саманилер заманында бастапқыда Мауреннахр аймағында тыныштық пен тұрақтылық орнап, басты орталықтарында білім мен мәдениет дамыды. Тыныштық пен тұрақтылық ғылым мен мәдениеттің, ой мен идеяның дамуына негізгі кепіл екендігі даусыз. Самани билеушілері ғылым мен өнер иелеріне, әсіресе, діни ғұламаларға ерекше құрмет көрсетіп, жоғары бағалағандығы, әсіресе Рамазан айларында алдына ғұламаларды жи-

нап, мәселелер төңірегінде тартыс жүргізуге басшылық жасағандығы, тіпті Саманилер билігі кезінде мұсылман еместермен толерантты қатынас жасалғандығы [4, 15 б.] тарихи мәліметтерде баяндалады. Саманилер заманындағы тыныштық пен тұрақтылық Әбу Наср әл-Фараби, Әбу Али ибн Сина, Әбу Мансур әл-Матуриди сынды тек осы аймаққа ғана емес әлемге әйгілі екінші ұстазды, дарынды емшіні және озық ойлы, данышпан ұлы имамды тәрбиелеп дүниеге алып келді.

Білім иелері мен дін ғұламаларына қолдау көрсету бір жағынан елдің ішкі тұрақтылығына кепіл болса, келесі жағынан мемлекет ішіндегі және одан тысқары өзге діни идеяларға қарсы тұруға қолғабыс ететіндігі даусыз. Себебі, X ғасыр шамасында ислам әлеміндегі сунниттік ортаға қауіп өзге ағымдардан қарағанда әсіресе шииттер тарапынан төнген. Алидің билігін қуаттап, халифатта үнемі оппозициялық бағытты ұстаған шииттер уақыт өте келе өзге мәдениеттер мен діндерге, антикалық, эллиндік философияға әсіресе, ежелгі парсылық элементтерге тән ілімдерді сіңіріп өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлінген және ресми исламда жоқ идеяларымен дәстүрлі сунниттік теологияға шабуылдар жасап отырған. Осылардың ішінде шиизмнің имафия тармағын ұстанатын Бувейхилер Аббаси халифтерін ашса алақанына, жұмса жұдырығында ұстап, Ирак пен Иран аймақтарына бақылауларын орнатса, Солтүстік Африкада қуатты мемлекет құра білген, діни лидерлікте Аббасилермен бәсекелестікке түсіп, басшыларын халифа деп жариялаған исмаилиттік Фатимидтер арнайы дайындаған миссионерлері (даилер) арқылы исламның өзге аймақтарымен қатар Мауреннахрды діни тұрақсыздыққа айналдыруға тырысқандығы [9, 502 б.] белгілі. Сонымен қатар, Мауреннахрмен көршілес жатқан аймақтар – Систанда аздап харижилер, Кашан мен Исфаханда, Қум мен Рейде Шиилер, Табаристанда Зейдилер, Истахрда, Арменияда және Әзірбайжанда Мутазилиттер идеяларын насихаттауда болатын [4, 18 б.]. Мауреннахрмен көрші орналасқан Хорасан аймағында да мутазилиттер белгілі бір деңгейде өз ілімін дәріптеді. Осыған орай, елдің тұрақтылығын қамтамасыз етуде діни ғұламалардың рөлін аңғарған билеушілер мемлекет тарапынан халықтың басым көпшілігі сенетін байсалды жолды ұстанатын муржилік-ханафилік ілім мен хадис жақтастарына, басқаша айтар болсақ, сунниттік шеңбердегі мектептерге арқа сүйеді.



Ханафилік ілімге қарағанда хадис жақтастары осы аймаққа кештеу келгендігі баяндалады. Хорасан мен Мауреннахрдың Бұхара, Насаф сияқты батыстағы қалаларына хашауия (хадис жақтастары) ІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап тарала бастаған. Ал Х ғасырда аймақтағы қалаларда ол белді ағымға айналды. Еңбегін 990 жылы жарыққа шығарған әл-Максидидің келтірген мәліметіне қарағанда ІХ-Х ғасырдарда нишапур, Шаш, Тус, Наса, Бұхара және Исфараин сияқты қалаларда Шафилердың саны Ханафилермен теңескен, тіпті кейбір қалаларда олардың саны ханафилерден де асып түскен [10, 116 б.]. Бухари, Әбу Дәуіт, Тирмизи, ибн Қу-тайба сияқты хадис іліміне еңбегі сіңген ғұламалардың шыққан жері осы Мауреннахр екендігін [10, 117 б.] ескере отырып, осы аймақта хадис жақтастарының сол заманда терең тамыр жайғандығы анық.

Бүгінгі күні суннизм шеңбері ішінде орын алады деп есептелетін шафилик пен ханафилик арасында ортағасырлық Мауреннахр мен Хорасанда бәсекелестік орын алғандығы баяндалады. Тіпті, мешіттерде, жаназа рәсімдерінде бір-бірімен келісе алмай қалатындығы, осындай тартыстардан қан төгіліп жататындығы [1, 92 б.] дереккөздерде орын алады. Мұндай тартыстар мен пікіргаластар Имам Матуриди заманында да күн тәртібіне айналғандығы анық. Себебі, Имам Матуридидің «Китабу-т-Таухидында» тағдыр [3 406 б.], үлкен күнә [3, 428 б.], иман [3, 497 б.] тақырыптарында ха-шуилер (хадис жақтастары, шафилер) ілімімен келісетін, келіспейтін тұстарын ортаға қойған.

Самани билеушілері әсіресе, ханафиттік ілімге иек артып, ханафилік ғұламаларға көп қолдау көрсеткендігі баяндалады. Мәселен, Самани әміршісі Исмаил бин Ахмад (892-907 жж.) мәліметке қарағанда Самарқанд, Бұ-хара және өзге де Мауреннахр елді мекендеріндегі Ханафи ғұламаларын жинап, өзге діни ағымдар адасқан сенімдерінің ел ішіне таралуына тосқауыл жасау үшін сунниттік сенімді дәріптеуді өтінген. Аталған ғұламалар сунниттік сенімнің принциптерін қуаттау және түсініктеме жасау жұмысын Ханафи ғұламасы Исхақ бин Мухаммад әл-Хаким ас-Самарқандиге міндеттеген. Міндеттелген жұмыс аяқталғаннан соң туынды ел әміршісі мен дін ғұламалары тарапынан ресми түрде мақұлданды. «ас-Сауаду-л-Азам» деген атпен даңқы шыққан туынды Саманилер заманында ресми діни кітапқа айналды [11, 87 б.]. Осыған қарағанда Имам Матуриди іліміне арқау болған ханафиликтің осы өлкеге таралу тарихы өзге исламдық ағымдармен салыстырғанда

терең, ауқымы да көлемді және жақтастары да көп болғандығы баяндалады.

Ханафилік ілімнің негізі куфалық ғұлама Имам Ағзам Әбу Ханифаның көзқарастары мен әдістемелерінде жатқандығы белгілі. Оның көзқа-растары мен әдістемесінің ерекшелігі мәселелерді шешуде, тұжырым жасауда қасиетті жазбамен (Құран) қатар ақылдың маңызына иек артуына байланысты. Осыған орай, Әбу Ханифа Әһлу Рай мектебінің шынайы құрушысы болып табылады. Бұл бір жағынан адам ой-санасының дамуында, өрісін кеңейтуде өз септігін тигізсе, келесі жағынан араб емес өзге халықтардың арасында мұсылмандықтың таралуына жол ашты. Себебі, арабтық ой-санаға, мәдениетке, сол жақтың климаттық-географиялық жағдайына икемделген Мединелік мектептен қарағанда, араб емес халықтардың талаптарын, салт-санасын, уақыт пен кеңістік шарттарын ескеретін Әһлу Рай мектебі халифаттың шығыс аймақтарына сонау VIII ғасырдың өзінде-ақ кең таралған және Хорасан, Мауреннахр сияқты халифаттың шығыс аймақтарына ханафиликтің таралуына мұрындық болған да осы Әбу Ханифамен пікірлес, жақтас жолдастары мен шәкірттері екендігі анық. Мауреннахр мен Хорасан халқының қолдауымен жалпы халифаттың билігі басына келген Аббасилер Имам Ағзамның шәкірті Әбу Юсуфты бас қазылық қызметке тағайындады. Бұл ханафилік ілімінің өзге халықтар арасына, әсіресе халифаттың шығыс аймақтарына таралуына көп септігін тигізді [9, 498 б.]. Одан басқа Әбу Ханифа тірі кезінің өзінде-ақ оның жақын, үзеңгілес жолдасы әрі шәкірті Омар бин Маймун а-Раммах (787-88 ж.) Балх қаласының қазысы лауазымын иеленді, одан кейінгі кезеңдерде ханафи ғұламасы Әбу Мути әл-Балхи аталған қалада ұзақ жылдар қазы қызметін атқарған. Одан өзге Әбу Ханифа шәкірттері арасында Әбу Исма Нух бин Әби Мариям Мерв қазысы, келесі бір шәкірті Абдулазиз бин Халид ат-Тирмизи Тирмиз қазысы қызметтерін атқарды. Шайбанидің атақты шәкірті Ханафи фикх ғұламасы Әбу Сүлеймен Муса бин Сүлеймен әл-Жузжани де Жузжан қаласының тумасы болып табылады. Бұхара қаласындағы аймақтық Ханафиттік мектеп Шайбанидің шәкірті, осы аймақ тарапынан үлкен құрметке бөленген Әбу Хафс әл-Кабир (Ахмад бин Хафс) (ө. 832 ж.) тарапынан құрылған [11, 84-87 б.]. Ал Балх пен Рей қаласы сол кезеңде ханафилік мектептің басты қаласы, ханафи ғұламалары көп шоғырланған аймақтар қатарына жатты.

Сол замандағы басты ғылыми, мәдени орталықтардың бірі болып табылатын Имам

Матуридидің отаны – Самарқанд қаласында да Ханафилік ілім жоғарыда баяндалғаны сияқты Әбу Ханифаның тірі кезінен бастап-ақ дәріптелді және амал етілді. Әбу Ханифаның өмірбаянын жазған Кардари Әбу Ханифаның шәкірттері және оның көзқарастарын Самарқанд қаласына таратқандар деп Әбу Муқатил Хафс бин Салм (Сухайл) әл-Фарразиді, Наср бин Әби Абдил-малик әл-Атакиді, Шарик бин Әби Муқатилді, Маруф бин Хассанды, Юнус бин Сабихты және сонда қазылық қызмет атқарған Исхақ бин Ибрахим әл-Ханзалиді атап өтеді [12, 123 б.]. Бұған Матуридилік мазхабының белді ғұламаларының бірі Әбу Муин ан-Насафи де куәлік етеді. Насафидің берген мәліметіне қарағанда Мерв, Балх және Хорасандағы басқа да қалалар, Мауреннахр аймағы толығымен, тіпті шекаралық аймақтағы түркі қалалары ерте кезден-ақ усул мен фуруда Әбу Ханифа мазхабын ұстанған [12, 124 s.]. Міне осындай ортада өскен, білім алған Имам Матуриди ақыл мен діни дереккөзді тепе-тең ұстаған ханафилік ілім-ді одан ары дамытты.

Деректерде жалпы алғанда Имам Матуридидің ұстаздары ретінде Ханафи ғұламалары Әбу Бәкір Ахмад бин Исхақ бин Салих әл-Жузжани-ді, Әбу Наср Ахмад бин әл-Аббас әл-Иязиді, Мухаммад бин Муқатил ар-Разиді, Нусейр бин Яхя әл-Балхиді, Әбу Бәкір Мухаммад бин Ахмад Ража әл-Жузжаниді [13, 41-43 бб.] ерекше атап өтеді. Тіпті Әбу Ханифадан бастап, Мухаммад Шайбани, Әбу Юсуф, Әбу Мути әл-Балхи, Әбу Муқатил ас-Самарқанди бастаған көптеген ханафилік мектебі ғұламалары арқылы Имам Матуридиге дейін ұласқан ұстаздар силсиласының бірнеше версиялары орын алады. Ибн Яхяның, Баязидің, Забидидің, У. Рудольфтың [13, 37-40 ss.] келтірген ұстаздар тізбесінде ғұламалар саны бір-бірімен үйлеспегенімен, олардың барлығы ханафи ғұламалары екендігі даусыз. Ортағасырлық және бүгінгі зерттеушілердің барлығы Матуридилік ілімінің түп бастауы ханафиттік мектеп екендігін бірауыздан мақұлдайды. Демек, жоғарыдағы қысқаша мәліметтерге қарап отырып, Имам Матуриди өзі өмір сүрген ортада кең таралған, тамыры аз уақыттың ішінде теренге кеткен Ханафилік ілімнен сусындағаны және оның ілімін өз деңгейінде түсіне, түсініктеме жасай білгендігі анық. Сонымен қатар, осы тұста Имам Ағзамның теологиялық, діни-құқықтық пікірлері жинақталған «Фикху-л-Ак-бар» еңбегінің, Әбу Ханифаның жақын жолдастарының бірі және шәкірті Әбу Мути Хакам бин Абдиллаһ әл-Балхи (814 ж.) тарапынан жеткізілген, Әбу Ханифаның

ойлары жинақталған «әл-Фикху-л-Асбат» атты туындының, Имам Ағзамның келесі бір шәкірті Әбу Муқатил ас-Самарқанди тарапынан жеткізілген «Китабу-л-Алим уа-л-Мутаалимнің» [13, 75-76 бб.] Имам Матуриди ілімінің дамуында маңызы зор болғандығын атап өткен жөн.

Матуриди ілімінің бастауларын муржиялық көзқараспен ұштастыратын көзқарастар да орын алады. Оған басты себеп Матуриди ілімінің бұлағы болып табылатын ханафилік пен оның құрушысы Әбу Ханифаның муржия деп есептелуіне және оның көзқарастары муржилікпен сәйкес келуіне, қарсыластары тарапынан муржи деп ат тағуына байланысты. Тіп-ті, Әбу Ханифа ілімін мужриттік тармақтар қатарына қосып, сунниттік шеңберден тысқары шығаратын көзқарастар да орын алады. Мәселен, Ашари Әбу Ханифа мен оның жақтастарын муржияның тоғызыншы тармағы ретінде қарастырып, сунниттік шектен тысқары шыққан ағым ретінде қарастырады [12, 122 б.].

Муржилік атауы, тіпті ислам мазхабтарының тарих сахнасына шығуы Али мен Муауия арасында орын алған Сыффын шайқасынан бастау алатыны белгілі. Осы кезде көтерілген күн тәртібіндегі тақырыптардың бірі, тіпті бастылары иманның мәні, үлкен күнә және үлкен күнә жасаған адамның о дүниедегі жағдайы келеді. Осы тақырыптағы алғашқы ойды ортаға тастаған харижиттер болатын. Харижиттер Сыффын шайқасына қатысқан және одан кейінгі хакамдыққа қолдау білдірген, осылай, Алланың үкіміне қарсы шығып, күнәға батқандарды, тәубеге де келмегендерді, қатаң сынап, күшірлікпен айыптаған, үлкен күнә істегендердің мәңгілік тозаққа қалатындығын қуаттаған діни білімі саяз топтың ағымы ретінде тарихта аты қалды. Харижиттік білімі саяздар мен фанаттардың ағымы ретінде бағаланғанымен, үлкен күнә, үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы, иманның мәні проблемасының көтерілуіне мұрындық болған деп бағалауға болады. Үлкен күнә мен оны жүзеге асырған адамның о дүниедегі жағдайы төңірегіндегі харижиттік көзқарасқа қайшы түрде муржилік ағым үлкен күнә істеген адамды бұл дүниеде күнәһар мүмін деп есептеп, имандылық шеңберінен шықпайды, ал о дүниедегі жағдайы құдайға серік қосудан басқа барлық күнәні Алла қаласа кешіреді, ал қаламаса азапқа салады. Олар күнәсі өтелгеннен соң жұмаққа кіреді деген тезисті ортаға тастады. Осыған орай, олар «кейінге қалдырушы», «үміт еттіруші» деген мағынаны білдіретін муржия деп аталып кеткен.

Демек, муржилік мұсылман қауымын үрейлендірген, өз көзқарастарын қолдамағандарды күпірлікпен кінәлаған харижиттік ағымға, Омайядтар мен Хашимилер арасындағы текетіреске, Омайядтардың халықпен әділетсіз қатынасына, олардың салған ауыр салығы мен араб еместерді төмен санауына қайшы түрде ағымдарды үндестіруші, үйлестіруші, тыныштық пен бірлікті жақтаушы, бейбітшілікті қолдаушы бағыт ретінде дүниеге келді [14, б.172].

Шамамен хижра жыл санағы бойынша бірінші ғасырда қалыптаса бастаған муржилік көзқарас, әсіресе, арабтарға қарсы ойдағы араб еместер көп шоғырланған орта – Иракта кең таралғанға ұқсайды. Ал хижрет жыл санағы бойынша бірінші ғасырдың соңғы ширегінде Куфа муржияның ең басты орталықтарының біріне айнала бастаған. Муржияның діни сенімдік, құқықтық көзқарастары Хаммад, одан соң, Әбу Ханифа аты төңірегінде шоғырланған дін қайраткерлері тарапынан қалыпқа түсті. Муржия ілімінің өзге халықтар арасында кең қолдауға ие болуы оның арабтар мен араб еместерге тең құқық беретін іліміне байланысты [15, 51-52 б.].

Дегенмен де, муржилік діни-теологиялық тақырыптарда тек бір идея мен түсініктемені қолдап келген ағым емес. Олар иман мен амал айырымы, үлкен күнә жасаған адамның мүмін екендігі, үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы т.б. сияқты тақырыптар төңірегінде бір пікірде болғанымен біршама теологиялық мәселелерді шешуде түрлі көзқарастар мен түсініктемелерді ортаға тастап, өз ішінде бірнеше тармақтарға бөлініп кеткен. Мәселен, муржияның Юнусия тармағы үлкен күнә істесе де мүмін тозаққа мүлдем кірмейді, керісінше, ғибадаты мен тағатына байланысты емес, ықыласы мен махаббатына орай жұмаққа кіреді деп үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайына қатысты мүлдем бөлек түсініктемені ортаға тастаса, Салих бин Омар намаздың өзі ғибадатқа жатпайды, ғибадат дегеніміз – иман [16, 248-249 б.] деп иман төңірегіндегі өз ойын білдірген. Мұндай түсініктемелер мұсылмандардың көпшілігі қолдайтын дәстүрлі сунниттік ғалымдардың қарсы шығуына, муржилерді сунниттік шектен тысқары шыққан деп айыптауына жол ашты. Осыған орай, оларды муржиттік жалпы атауы ішінде

ірі екі тармаққа бөлуге болады: сунниттік шектен тысқары шыққан және шықпаған. Ақыл мен нақыл арасындағы тепе-теңдікті сақтап, тіпті екеуін бір-бірімен үйлестіре білген екінші тармақты «ханафилік», «ханафия муржилігі» деп атағанымыз жөн. Жоғарыдағы жіктеуге сәйкес Имам Матуриди муржилерді «мақтауға» және «даттауға» лайықты муржия деп екі топқа бөліп, осының ішінде мақтауға лайықтысына (ханафи муржилігіне) қолдау білдірген. Оның көзқарасы бойынша мақтауға лайықты болған Муржияға үлкен күнә істегеннің о дүниедегі жағдайын Аллаға салған адамдар жатады. Өйткені, Алла қаласа ширктен басқа барлық күнәларды кешіреді [17, 194 б.]. Ал айыптауға себепкер Муржилер амал-әрекеттердің жаратылуын тек Аллаға артып қойып, мұнда адамның ешбір қатысы болмайтынын алға тартушылар [17, 195 б.] деп есептеген және сунниттік шеңбердегі барлық ұстанымдарды үндестіруші, байсалды жолдағы мужилікті қолдайтынын білдірген.

Қорытындылай келе, Матуридилік ілім Имам Матуридиге дейінгі не-месе Матуриди заманында көтерілген проблемаларға өзіндік шешім жасау, тұжырым жасау арқылы пайда болғандығы белгілі. Осы проблемалардың қатарына иманның мәні, үлкен күнә және үлкен күнә істеген адамның о дүниедегі жағдайы, адам қалауының еркіндігі немесе еркін еместігі, тағдыр және адам тағдыры, құдайлық сипаттар, пайғамбарлық және ел басшысы (халифалық) т.б. мәселелер жатады. Бірақ, осы проблемалардың бастылары Имам Матуридиге дейін оның жүрген арнаның басында Әбу Ханифа мен оның дарынды ізбасарлары тарапынан қарастырылып, лайықты түрде тұжырым жасалған. Бірақ, Әбу Ханифа мен Ханафиттік ғұламалардың теологиялық тұжырымдары VIII ғасырдың талаптарына лайықталғандығын естен шығармаған жөн. Ал X ғасырдың талаптары өзгерді, VIII ғасырға қарағанда проблемалар күрделене түсті, мәселелердің шешімдері мен жауаптары терең білімді, жан-жақты ізденісті талап етті. Озық ойлы, дарынды ойшыл Имам Матуриди Ханафи ілімінің терең түсініп уақыт талабына сай кейіннен пайда болған діни ағымдарға, әсіресе, солардың ішіндегі мутазилиттерге, философтарға, грек философиясы жақтастарына, шииттік тармақтарға т.б. жауап берді.

Әдебиеттер

References

- 1 Korkmaz S. İmam Ebu Mansur el-Maturidi'nin Hayatı ve Eserleri//Dini Araştırmalar, Mayıs-Ağustos – 2001.
- 2 Zaton Q. Zoroastrizmning tarihi tamirlary men dini ilimi// Qazaq halqynyng madeni murasy. Ezhelgi koshpeliler duni-etanymy. 1 tom. – Astana, 2005.
- 3 El-Matüridi E.M. çev. Topaloğlu B. Kitâbü't-Tevhid Tercemesi – Ankara, 2002.
- 4 Tuğlu N. Mâtürîdî Kelam Ekolü Çerçevesinde Kelâmî Hadislerin Değerlendirilmesi (Doktora Tezi), Isparta 2003.
- 5 Orynbekov M. Qazaq senimderinin Bastaulary – Almaty, 2002.
- 6 Bulutay M.Zh. Ata-baba dini, turkiler nege musulman boldy? – Almaty, 2000.
- 7 Zandarbek Z. Yasauı zholy jane qazaq qoghamy – Almaty, 2006.
- 8 Zandarbek Z. Nasab-nama nusqalary jane turki tarihi, – Almaty, 2002.
- 9 Saffet Sarıkaya M. Türklerin İslamlaşma Sürecinde Mezheplerin ve Tarikatların Yeri //Türkler C.5 - Ankara, 2002.
- 10 Kalaycı M. Tarihi Süreçte Eşarilik-Maturidilik İlişkisi (Doktora Tezi). – Ankara, 2011.
- 11 Wilferd Madelung çev. S.Kutlu. Horasan ve Mâverâünnehir'de İlk Mürcie ve Hanefiliğin Yayılışı//İmam Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2007.
- 12 Kutlu S. Ebu Mansûr el-Mâtürîdî'nin Mezhebî Arka Planı//İmam Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2007.
- 13 Ak A. Maturidi kaynaklarla Maturidi ve Maturidilik. – Ankara, 2006.
- 14 Kutlu S. Mürcie Mezhebi: Doğuşu, Fikirleri, Edebiyatı Ve İslâm Düşüncesine Katkıları// Gazi Üniversitesi Çorum İlahiyat Fakültesi Dergisi, 1(2002).
- 15 Ünver M. Ebû Hanîfe Düşüncesinin Arkaplanını Besleyen Ayetler//İslam araştırmalar dergisi, Cilt 15, sayı 1-2, 2002.
- 16 Tok F. Ebû Hanîfe Hakkında İki İddia/İtham: Murciîlik ve Halku'l-Kur'ân//İslam Hukuku Araştırmaları Dergisi, sy. 13, 2012.
- 17 Ak A. Ebû Mansûr el-Mâtürîdî'nin Mürcie'ye Bakışı// Dini Araştırmalar, Cilt 8.